

Тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімдігінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 5/870 қаулысы.
Алматы қалалық Әділет департаментінде 2005 жылы 30 желтоқсанда N 687 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 04 қазандағы N 4/857 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 04.10.2012 N 4/857 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы", "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік көмек туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру шаралары туралы" 2001 жылғы 24 желтоқсандағы N 1685 , "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" 2005 жылғы 2 қарашадағы N 1092 қаулыларына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ереже N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Алматы қаласы аудандарының әкімдеріне:

1) аудандық учаскелік комиссияларды құрып, құрамын бекітсін;

2) балаларға берілетін мемлекеттік көмек, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер тұлғалардың (отбасылардың) жеке қосалқы шаруаларының көлемі туралы мәліметтерді бекітуге қалыптасқан тәртіп бойынша өкілетті орган белгіленсін.

3. N 2 қосымшаға сәйкес Алматы қаласы әкімдігінің қаулылары күшін жойды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Қ. А. Бүкеновке жүктелсін.

*Алматы қаласының әкімі
Әкімдік хатшысы*

*И. Тасмағамбетов
К. Тәжиева*

Алматы қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 29 желтоқсандағы
N 5/870 қаулысына N 1 қосымша

Халыққа әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы

Ереже

1. Жалпы ереже

1. Халыққа мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссия (әрі қарай - Комиссия) көмек сұраған тұлғаға (отбасына) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (әрі қарай - атаулы әлеуметтік көмек) немесе 18 жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (әрі қарай - балаларға жәрдемақы) беру туралы қортындыны даярлау және қажет болған жерде олардың материалдық жағдайын тексеру үшін Алматы қаласы аудан әкімдерінің шешімімен құрылады.

2. Комиссияға Алматы қаласының аудан әкімінің орынбасары басшылық етеді. Комиссия мүшелерінің жалпы құрамы кемінде 7 адам болуы керек.

3. Комиссиялар жергілікті өкілді органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативтерінің, халықтың, ұйымдардың және білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласы уәкілетті органдардың өкілдерінен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен құрылуы мүмкін.

4. Комиссия өз қызметінде Қазақстан "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы", "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Заңдарымен, "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру шаралары туралы" 2001 жылғы 24 желтоқсандағы N 1685 , "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралары туралы" 2005 жылғы 2 қарашадағы N 1092 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, басқа да нормативтік актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Негізгі қызметі

5. Комиссия халықты әлеуметтік қорғау органдарына - Алматы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар Департаментіне (әрі қарай - өкілетті орган), жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атаулы әлеуметтік көмек көрсету, балаларға берілетін көмек төлемдерінің атаулылығын жетілдіру үшін және аса мұқтажды тұлғаларға (отбасыларына) қаражат жіберу жөніндегі қызметінде көмегін көрсетеді.

6. Комиссия, бес күн мерзімінде, өтініш берушінің өкілетті органымен жіберілген құжаттарына сай атаулы әлеуметтік көмек немесе балаларға берілетін көмек тағайындау туралы тұлғаның (отбасының) мұқтаждығы жөнінде қорытынды дайындайды (N 1 қосымша).

7. Қажет болған жағдайда, өкілетті органның жазбаша тапсырмасы бойынша, құрамы кемінде екі мүшеден тұратын Комиссия, бес күндік мерзім ішінде тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайын тексереді. Жүргізілген тексерудің нәтижесі бойынша, Комиссия, отбасының материалдық жағдайын тексеру актісін жасап, отбасының әлеуметтік мұқтаждығы жөнінде қорытындыны өкілетті органға тапсырады (N 2 қосымша).

8. Өкілетті органның тапсырмасы бойынша, Комиссия қажет болған жағдайда (ішінара), өтініш берушінің тапсырған құжаттарының (мәліметтерінің) растығын тексере алады.

9. Отбасының мүлігі мен табысына байланысты мәлімет алу үшін, Комиссия тиісті органдарға сұрау жасауға құқықты.

10. Өкілетті органға тапсырылған, актіде көрсетілген деректердің растығына Комиссия мүшелері жауап береді.

3. Тексеру жүргізу тәртібі

11. Тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайын тексеру, өкілетті органның тапсырмасы бойынша, осы Ережедегі бекітілген мерзімде, атаулы әлеуметтік көмек немесе балаларға арналған жәрдемақыға үміткер өтініш берушінің қатысуымен жүргізіледі.

12. Өтініш берушінің немесе оның отбасының материалдық жағдайын тексеру азаматтардың жеке өміріне (басына) құрметпен қарайтын, олардың ар намысына тимейтін жағдайда жүргізіледі.

13. Тексеру барысында, Комиссия көмек сұраған адамның өтініш себептерін анықтайды. Анықтау барысында келесі жағдайларға көңіл бөлінеді: жұмыс істейтін отбасы мүшелерінің саны; жұмысқа қабілетті жасындағы отбасы мүшелерінің саны және жұмыссыздың себебі, науқас, мүгедек, қарт және балаларға қарайтын, отбасы құрамындағы жұмысқа қабілетті жасындағы тұлғалардың саны; отбасындағы кәмілетке толмаған балалар, күтімге мұқтажды мүгедектер, қарттар, науқастар саны; тұлғаның (отбасының) нақты табысы, оның ішінде үй маңындағы учаскеден, бақша өсіруден, саяжайдан және т.б.; балаларға арналған жәрдемақы немесе әлеуметтік атаулы көмек алуға әсері тиетін басқа да жағдайлар туралы.

14. Тексерудің қорытындысы бойынша Комиссия акт жасайды, оған Комиссия мүшелері, жеке қорытындылары мен қосымшаларын (егер қосымшалар болса) қосып қол қояды және өкілетті органға тапсырады.

4. Комиссия қорытындысы

15. Комиссия мәжілісі кем дегенде 10 күнде бір рет өткізіледі. Комиссия мәжілісінің уақытында өткізілу жауапкершілігі учаскелік Комиссия төрағасына жүктеледі.

16. Комиссия шешімін әлеуметтік көмекке үміткер тұлғаның (отбасының) қатысусыз ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Мәжілісте Комиссия құрамының кемінде төрттен үш бөлігі қатысса, оның шешімі құқылы болып саналады.

17. Қатысып отырған Комиссия құрамның басым көпшілігі тұлғаға (отбасына) дауыс берсе, оның қорытындысы оңды болып табылады. Егер дауыс қорытындысы тең бөлінсе, төраға дауысы шешуші болып табылады.

Қорытындыға Комиссия мүшелері және төрағасы қол қойып, өкілетті органға тапсырады.

Әкімдік хатшысы

Учаскелік комиссиясының
халыққа әлеуметтік көмек көрсету
Ережесіне 1 қосымша

Азаматтың материалдық-тұрмыстық

жағдайын тексеру

АКТИСІ

"__" _____ 200__ ж.

Аты-жөні _____

(мекен-жайы, телефоны)

туған жылы жеке бас куәлігінің N зейнетақы

(оралмандарға-мәртебесін кітапшасының N

растайтын құжат)

(жұмыссыз, жұмыс істейтін адам, зейнеткер, көп

балалы ана, мүгедек және т.б.)

Зейнетақы (мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы

мөлшері) _____ теңге

Арнайы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері _____ теңге

Еңбекақы мөлшері _____ теңге

Басқа табыстар _____ теңге

Отбасы құрамы:

(аты жөні, туған жылы, туыстық қатысы, жұмыс,
оқу орны)

Отбасының жиынтық табысы _____ теңге

Жан басына шаққандағы орташа табысы _____ теңге

(Тұрғын үй жәрдемақысы мен атаулы әлеуметтік
көмекті санамағанда)

Комиссия мүшелері: _____

(Т.А.Ә.) (қолы)

Учаскелік комиссиясының
халыққа әлеуметтік көмек көрсету
Ережесіне 2 қосымша

Учаскелік комиссияның

ҚОРТЫНДЫСЫ

Алматы қаласының _____ ауданы

200__ жыл " __ " _____

Әлеуметтік көмек көрсетуге тапсырылған құжаттарды
қарап

(өтініш иесінің аты-жөні)

(туған жылы, жұмыссыз, жұмыс істейтін адам,
зейнеткер, көп балалы ана, мүгедек және т.б.)

(мекен-жайы, телефоны)

(отбасы мүшелерінің саны, жан басына шаққандағы
орташа табысы)

Учаскелік комиссия шешті:

Көмек көрсету

(атаулы әлеуметтік көмек, балалар жәрдемақы)

керектіні сызу

(мұқтаж, мұқтаж емес)

М.О. Комиссия төрағасы _____

(Т.А.Ә.) (қолы)

Комиссия мүшелері _____

Алматы қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 29 желтоқсандағы
N 5/870 қаулысына N 2 қосымша

Алматы қаласы әкімдігінің күшін
жойған қаулылар тізімі

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80 "Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша учаскелік комиссиялар туралы" Ережені бекіту қаулысы (Алматы қаласының Әділет басқармасында 2002 жылы 8 ақпанда N 431 тіркелген), 2002 жылы 23 ақпанда "Алматы ақшамы" N 21, "Вечерний Алматы" N 15 газеттерінде жарыққа шыққан.

2. Алматы қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80 "Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту қаулысының N 2 қосымшасына өзгерістер енгізу туралы" Алматы қаласы әкімдігінің 2002 жылы 19 шілдедегі N 3/470 қаулысы (Алматы қаласының Әділет басқармасында 2002 жылы 1 тамызда тіркеу N 462), 2002 жылы 11 қыркүйекте N 71 "Вечерний Алматы" және 2002 жылы 7 қыркүйекте N 100 "Алматы ақшамы" газеттерінде жарыққа шыққан.

3. Алматы қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80 "Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту қаулысының N 2 қосымшасына өзгерістер енгізу туралы" Алматы қаласы әкімдігінің 2002 жылы 13 қарашадағы N 5/724 қаулысы (Алматы қаласының Әділет басқармасында 2002 жылы 28 қарашада тіркеу N 489), 2002 жылы 11 желтоқсанда N 97 "Вечерний Алматы", 2002 жылы 12 желтоқсанда N 140 "Алматы ақшамы" газеттерінде жарыққа шыққан.

4. Алматы қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80 "Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту қаулысының N 2 қосымшасына өзгерістер енгізу туралы" Алматы қаласы әкімдігінің 2003 жылы 26 мамырдағы N 2/319 қаулысы (Алматы қаласының Әділет басқармасында 2003 жылы 18 маусымда тіркеу N 534), 2003 жылы 12 шілдеде N 107-109 "Вечерний Алматы", 2003 жылы 26 маусымда N 71 "Алматы ақшамы" газеттерінде жарыққа шыққан.

5. Алматы қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80 "Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту қаулысының N 2 қосымшасына өзгерістер енгізу туралы" Алматы қаласы әкімдігінің 2003 жылы 17 қыркүйектегі N 4/535 қаулысы (Алматы қаласының Әділет басқармасында 2003 жылы 29 қыркүйектегі тіркеу N 552), 2003 жылы 15 қазанда N 161 "Вечерний Алматы", 2003 жылы 14 қазанда N 115 "Алматы ақшамы" газеттерінде жарыққа шыққан.

6. Алматы қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80 "Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша учаскелік комиссиялар жөніндегі Ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Алматы қаласы әкімдігінің 2004 жылы 19 мамырдағы N 3/424 қаулысы (Алматы қаласының Әділет басқармасында 2004 жылы 27 мамырдағы тіркеу N 602), 2004 жылы 8 маусымда N 111 "Вечерний Алматы", 2004 жылы 5 маусымда N 63 "Алматы ақшамы" газеттерінде жарыққа шыққан.

7. Алматы қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80 "Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Алматы қаласы әкімдігінің 2004 жылы 25 тамыздағы N 3/706 қаулысы (Алматы қаласының әділет департаментінде 2004 жылы 3 қыркүйектегі тіркеу N 616), 2004 жылы 18 қыркүйекте N 188 - 189 "Вечерний Алматы", 2004 жылы 18 қыркүйекте N 106 "Алматы ақшамы" газеттерінде жарыққа шыққан.

8. Алматы қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80 "Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту туралы қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Алматы қаласы әкімдігінің 2004 жылы 26 қарашадағы N 4/955 қаулысы (Алматы қаласының Әділет департаментінде 2004 жылы 10 желтоқсандағы тіркеу N 630), 2004 жылы 21 желтоқсанда N 253 "Вечерний Алматы" газетінде жарыққа шыққан.

9. Алматы қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80 "Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту туралы қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Алматы қаласы әкімдігінің 2005 жылы 10 мамырдағы N 2/259 қаулысы (Алматы қаласының Әділет департаментінде 2005 жылы 20 мамырдағы тіркеу N 657), 2005 жылы 2 маусымда N 111-113 "Вечерний Алматы", 2005 жылы 28 мамырда N 59 "Алматы ақшамы" газеттерінде жарыққа шыққан.

Әкімдік хатшысы

